

ғылыми-әдістемелік журнал науčno-методический журнал

СОҚПАҚ

тропинка

№3 (110) маусым 2024 жыл

«Ұстаз - адамдық диқаншысы»
А. Байтұрсынұлы



**Үмбеталиев
Максим Жаншаұлы**
Ақжайық аудандық
балалар-жасөспірімдер
туризм орталығының
директоры



**Өмірбаева
Сәуле Өмірсерікқызы**
Түркістан облыстық
жас туристер
станциясы директоры

✉ Evrasia_centre@mail.ru
f www.facebook.com/tourism07.kz/

globe tourism07.kz
📷 [instagram.com/tourism07.kz/](https://www.instagram.com/tourism07.kz/)

Құрметті журнал оқырмандары мен авторлары!

Сіздермен журнал бетінде қауыша отырып, мен ең алдымен туризм мен экологиялық қозғалыстың бір-біріне қаншалықты жақын және толықтыратынын атап өткім келеді. Өйткені, туристер туған жерінде немесе алыс аудандарда саяхаттап қана қоймай, оның заңдылықтарын біліп, оның проблемаларын шешуге қол ұшын береді. Бұл өз кезегінде олардың жаны мен жүрегінде жанашырлық тудырады, содан кейін табиғатқа көмектесуге, қоршаған ортаны жақсартуға үлес қосуға деген ұмтылыс тудырады. Бүгінде осындай жанашырлықты жас туристердің елді мекендерді, сондай-ақ өзен-көлдердің және басқа да су айдындарының жағалауларын көгалдандыруға, аумақтарды қоқыстардан тазартуға, тұрмыстық қалдықтарды тереңдетіп өңдеуге, үгіт-насихат жұмыстарына және экологиялық сипаттағы басқа да акцияларына қатысуынан көруге болады.

«Тұрақты даму» жер қоры - Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында экологиялық, әлеуметтік және экономикалық проблемаларды шешу жөніндегі нақты жобалар мен іс-шараларды іске асыру арқылы аумақтар мен жергілікті қоғамдастықтардың орнықты дамуына жәрдемдесу мақсатында құрылған коммерциялық емес жастар қоғамдық бірлестігі болып табылады.

Жыл сайын ұйымның бастамасымен «Бүкілқазақстандық ағаш отырғызу күні» атты экологиялық акция өткізіледі. Осыған орай, барлық орман мекемелерінде, қала және елді мекендерде ағаш отырғызу акциясы жүргізілуде. Акцияның мақсаты – орманды қалпына келтіру, сақтау, қалалық жасыл аймақтарды абаттандыру, қоғамды орман байлығын бағалауға баулу, көбейту және сақтау. Биылғы жылғы бағдарламада белсенділердің кем дегенде бүкіл Қазақстан бойынша 30 мың ағаш көшеттерін отырғызуын көздейді. Сонымен бірге «Жер Сағаты» жаһандық экологиялық акциясы жоспарлы түрде өткізілуде. Бұл іс-шараның мәні энергияны үнемдеу және халықаралық қауымдастықпен бірлесе жұмыстану болса, «Жер Амбассадорлар» қозғалысы – Қазақстанды декарбонизация мақсатын көздейтін шығармашыл жастардың жалпыұлттық экологиялық қозғалысы. Бұл шараның 2024 жылғы Құрылтайы күзде Орал қаласында өтеді. «Жер Амбассадорлар» жобасы өскелең ұрпаққа экологиялық білім беруді, бастамаларды ілгерілетуді және олардың идеяларын жүзеге асыруды көздейді.

«Қазақстандағы алғашқы көміртекті талишықты суперсайт» 10 гектар аумақты алып жатыр және оған орнату жоспарланған жабдық 10,6 мың гектардан астам аумақта парниктік газдар шығарындыларын бақылауға мүмкіндік береді. Павлодар облысы, Железин ауданы, Жолтаптық ауылында орналасқан көміртек суперсайт бірнеше алаңдарды құру мүмкіндігін меңзейді. Бүгінгі таңда үлкен аймақтың бірегей ерекшелігі – Қазақстан аумағында орналасқан Оңтүстік Сібірдің экожүйелерінің әртүрлілігін ескере отырып, бірінші бөлімнің жұмысы басталды. Ол аймақ үшін ең типтік экожүйе түрлерін – ормандарды, көлдерді, батпақтарды және агроценоздарды қамтиды. «Суперсайт базасында біз климаттық белсенді газдарға мониторинг жүргізудің ғылыми негіздерін қалыптастыруға кірісеміз. Суперсайт - мектептер, университеттер мен ғылыми ұйымдардың серіктестігімен құрылуда. Әрқайсысының бірегей зерттеу күн тәртібі және білім беру және ақпараттық-түсіндіру миссиясы бар. «Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға» дейінгі стратегиясын бекіту туралы, біздің міндетіміз – студенттер мен оқушыларды осы үлкен іске қосып, олардың мәселеге қатысты мәдениет деңгейін көтеру болып табылады.

Мақсатымыз үндес, міндетіміз бір болғандықтан журнал оқырмандары мен авторларына ынтымақтастық үшін шын жүректен алғыс айтамын және барлығына ортақ құндылықтарымызды қорғауда табысты жұмыс, сарқылмас қуат пен беріктік тілеймін!



«Тұрақты даму» жер қоры
ЖҚБ-нің басшысы

Бесен Алан
Балтабайұлы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІНДЕ 01.12.2003 ЖЫЛЫ ТІРКЕЛІП,
№4482-Ж КУӘЛІГІ БЕРЛІГЕН.
24.12.2021 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ
МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ
ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ЕСЕБІНЕ № КЗ40VРV00044511
ҚАЙТА ТІРКЕЛДІ.

Таралым аймағы: Қазақстан Республикасы

№3 (110), маусым 2024 жыл

МЕНШІК ИЕСІ: МКҚК «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі
білім басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм
және экология облыстық орталығы» (келесіде – БҚ
ОБЖТЖЭО)

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының
колдауымен жылына 6 рет шығады.

Журналдың негізін қалаушы:

Фомин Виктор Павлович - А.А.Остапец – Свешников
атындағы Халықаралық балалар-жасөспірімдер туризм
және өлкетану академиясының (келесіде – А.А.Остапец-
Свешников атд. ХБЖТЖЭО) академигі, п.ғ.к.

Редакциялық кеңес:

Төрайымы: **Мыңбаева Айгүл Әділгерейқызы** - Батыс
Қазақстан облыстық білім басқармасының басшысы

Шеф-редактор: **Бекқалиев Ғалым Ибатоллаұлы** – Батыс
Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының балалар
мен жасөспірімдер туризм және экология облыстық
орталығының директоры (келесіде – БҚОБЖТЖЭО)

Кеңес мүшелері:

Жұмаев Мақсат Сағынтайұлы – белгілі Қазақстан
альпинисі, альпинизм бойынша Халықаралық деңгейдегі
Спорт шебері, БҚО-ның құрметті азаматы

Смирнов Дмитрий Витальевич – п.ғ.д., А.А.Остапец-
Свешников атд. ХБЖТЖЭО-ның президенті

Мазбаев Орденбек Білібекұлы - п.ғ.д., А.А.Остапец-
Свешников атд. ХБЖТЖЭО-ның академигі

Никитинский Евгений Сергеевич – п.ғ.д. «Тұран-
Астана» университетінің профессоры

Абдулхапиров Абджемил Закерьянович – п.ғ.к., доцент,
А.А.Остапец-Свешников атд. ХБЖТЖЭО-ның Крым
аймақтық филиалының төрағасы

Шаяхметов Асхат Галиевич - А.А.Остапец-Свешников
атд. ХБЖТЖЭО-ның академигі

Редакция алқасы:

Г.З.Усағалиева – ОБЖТЖЭО директорының ОӘЖ
жөніндегі орынбасары

А.Б.Мукашева - ОБЖТЖЭО директорының ОТЖ
жөніндегі орынбасары

К.Е.Негалиева - ОБЖТЖЭО туризм және қауіпсіз
маршруттар бөлімінің меңгерушісі,

Р.С.Альмұханова – ОБЖТЖЭО өлкетану бөлімінің
меңгерушісі

Н.Х.Гатауов - ОБЖТЖЭО экологиялық туризм бөлімінің
меңгерушісі

Р.Е.Нұрманов - ОБЖТЖЭО спорттық бағдарлау бөлімінің
меңгерушісі

В.В.Мазуренко - ОБЖТЖЭО спорт және дене шынықтыру
бөлімінің меңгерушісі

Нөмірмен жұмыс жасағандар:

Қайрлиева Қ.Ж. - бас редактор

Карина Ж.М. - корректор

Қушекқалиев Ж.Н. - дизайнер, беттеу

Журнал редакциясының пікірі жарияланым авторларының
пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін.
Қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Жазылым индексі

Жеке жазылушы – 75184

Мекемелер мен ұйымдар – 25184

Редакция мекен - жайы:

090004 Қазақстан Республикасы, Орал қ.,

Исатай батыр көшесі, 71/1

Тел.(7112) 52-59-42, 52-58-91

e-mail: evrasia_centre@mail.ru

www: tourizm07.kz

Форматы А4 210 x 279 мм, офсетті басып шығару.

Тапсырыс №

Таралымы 500 дана

«Көкше-Полиграфия» АҚ компаниясында басылған,

Ақмола обл., Көкшетау қ.,

ІС-ТӘЖІРИБЕ – ИЗ ОПЫТА РАБОТЫ

Тарасенко Е.И.

Поздравление с юбилеем!!!.....2

Набиденов А.К.

Жеңіс тұрақтылығы көшбасшыдан.....3

Шәмші Ғ.И.

Ұстаз – ұлы тұлға.....5

ӘДІСТЕМЕ

Альмуханова Р. С.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға арналған
туристік-өлкетанулық бағытындағы «Жас өлкетанушылар»
үйірмесінің эксперименттік бағдарламасы (3-ші жыл).....7

ТУРИЗМ

Дьяченко О.В.

Равнение на лидеров.....16

ӨЛКЕТАНУ

Куспанова Б.К.

Интеграция новейших технологий оценивания:
функциональная грамотность как объект исследования
PISA на образование в области химии: анализ и
перспективы.....18

Елеусинова Н.А., Кәрім Н.Ә.

Махамбет Өтемісұлы – қазақтың қаһармандық поэзиясының
негізін қалаушы (Облыстық туристік-экологиялық
конференциясында 3 орын алған жұмыс).....22

ЭКОЛОГИЯ

Кажымуратова Ж.С., Жұмақұлова Ә.А.,

Өтепбергенова А.А.

Орал қалалық мәдениет және демалыс саябағының
сүректі өсімдіктерінің биоалуантүрлілігі мен
экологиясы.....28

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА

Айтжанова Е.А.

Natural disaster - Табиғи апат.....32

Полякова Н.А.

Внеклассное мероприятие «Думай по-зеленому».....35

Каширин В.В.

«Шамшиден Мырзағалиев - шахматист и солдат
Победы».....38

Дюсенова Г.Е.

«Жаңарған Түркістанға» саяхат.....40

Бекетаева Д.Б.

«Құқық бұзушылыққа қарсымыз!».....42

ӨЗЕКТІ

2024 жылы педагогтерді аттестаттау рәсімін өткізу
бойынша нұсқаулық хат.....46

Инструктивное письмо по проведению процедуры
аттестации педагогов в 2024 году.....50

Методические рекомендации по организации
оздоровительного отдыха, досуга и занятости детей
в период летних каникул на 2024–2026 годы.....54



Поздравление с юбилеем!!!



Елена ТАРАСЕНКО,
заместитель Председателя
Национальной комиссии по делам женщин
и семейно-демографической политике
при Президенте РК

Вэти дни отмечает свой юбилей замечательный педагог, человек с богатым внутренним миром и неиссякаемой жизненной энергией Омирбаева Сауле Омирсериковна.

Сауле Омирсериковна – в настоящее время является директором КГУ «Областная станция юных туристов» Управления образования Туркестанской области. Получив высшее образование в Жезказганском педагогическом институте по специальности учитель рисования, черчения и труда, она более 35 лет трудится с сфере образования, а последние 12 лет – в сфере детского туризма. Прекрасный организатор, умелый руководитель, на ее счету множество масштабных и интересных мероприятий республиканского и областного уровня.

Сауле Омирсериковна кроме основной работы ведет большую общественную деятельность. Она является членом фонда Ильяса Жансугурова и активным членом Комиссии по делам женщин и семейно-демографической политики при акиме

Туркестанской области, член-корреспондент Международной академии детско-юношеского туризма и краеведения им А.А.Остапца-Свешникова. Всегда интересны ее выступления на научно-практических конференциях по вопросам накопленного опыта работы туристско- краеведческого направления.

Знакома с Сауле Омирсериковной много лет, отмечаю ее инициативность и целеустремленность, умение повести за собой и большое желание привить своим воспитанникам чувство патриотизма, культуры. Она большой друг детства и болеет всей душой за развитие детско-юношеского туризма! Всегда рада поддержать Вас, уважаемая Сауле Омирсериковна!

Примите поздравление с юбилеем и самые наилучшие пожелания! Будьте счастливы, успешны! Пусть исполнятся Ваши мечты! От всей души благодарна за Ваш труд и вклад в дело воспитания подрастающего поколения! Желаю здоровья и процветания!





Жеңіс тұрақтылығы көшбасшыдан



НАБИДЕНОВ

Азамат Куанышевич
Ақжайық АБЖТО директорының
ОТЖ орынбасары
Ақжайық ауд., БҚО

Умбеталиев Максим Джаншиевич 1961 жылы 26 маусымда қазіргі Батыс Қазақстан облысы Чапаев ауданы Еңбек селолық кеңесінде дүниеге келген. 1980 жылы А.С. Пушкин атындағы Орал педагогика институтының Көркемсурет графика факультетіне оқуға түсіп, оны 1986 жылы аяқтаған.

Еңбек жолы сол кездегі №2 Чапаев қазақ орта мектебінен бастаған. 1992-1994 жылдары №3 Чапаев негізгі мектебінің директоры қызметін атқарды. 1994 жылдан бастап жаңадан ашылған Абай атындағы мектеп-гимназиясы директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кейіннен директоры қызметіне тағайындалды. 2002-2005 жылдары Ақжайық ауданы білім беру бөлімінің меңгерушісі болып қызмет жасады.

2005 жылы жаңадан құрылған Ақжайық аудандық балалар-жасөспірімдер туризм орталығын (келесіде: орталық) басқаруға жіберілді. Күні бүгінге дейін Максим Жаншаұлы

осы мекемені абыройлы басқарып келеді.

Максим Жаншаұлы «орталықтың ашылған уақытында штаттық кестеде тек 2 педагог пен бухгалтер, қоймашы ғана болғандығын, жұмысты жолға қою үшін ең бірінші маман, содан кейін материалдық техникалық база мәселесін шешу қажет болғандығын, алғашқы екі жылда туристік-өлкетану саласынан хабардар білікті мамандарды тауып, қызметке тарту жағынан қиын болғандығын, туризмнен Аққалиев Куаныш, өлкетанудан Абилпейсов Жәнібек, Игазиева Әлия, экологиядан Набиденов Азамат тәрізді білікті мамандар қызметке белсене кіріскендігін, келекеле сол уақыттағы әкімдердің көмегімен аздықөпті туристік-құрал жабдықтар алып, автокөлік мәселесін шешкендігін» толғана есіне алады.

2006 жылы орталық теңгеріміне Жайықтың жағасынан, тамылжыған табиғат аясынан 1-ші стационарлық лагерь берілді. Қазір лагерь әр жаз сайын үзбестен балалар демалы-



сын ұйымдастыруда. Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі және экология орталығының әр жылды қорытындылайтын «Туристік-өлкетану қызметінің» рейтингісі бойынша 2009–2017 жылға дейін 1-ші орында болып, жеңіс тұғырынан көрінді. Қазірде үздік үштіктің қатарында.

Ол басқарған жылдары аудандық балалар-жасөспірімдер туризм орталығының озық материалдық-технологиялық базасы жасақталып, білікті педагог кадрлар қатары қалыптасты. Қызу еңбек, тәжірибе көрігі болған орталықтан Азат Тельман, Ади Темірболат, Марат Қолғанат, Диланова Назира, Махамбет Мұстафа сияқты мықты мамандар даярланып шықты. Туризм саласында еселі еңбек етіп жүрген бұл мамандар облысымыздың аудандарында қызмет етіп жүр. Осы жылдар ішінде балалар-жасөспірімдер туризм орталығының ұстаздарымен шәкірттері бірнеше дүркін республикалық, халықаралық жарыстарда чемпион атанды. 2018 жылы туризм орталығының шәкірті М.Мұстафа Оңтүстік Кореяда өткен жасөспірімдер арасында өткен спорттық бағдарлау жарысында күміс жүлдеге ие болды. Сонымен қатар орталықтың қосымша білім беру педагогі Ж.Абилпейсовтың шәкірттері 2018 жылы Алматы қаласында өткен туристік-өлкетанушылар слетінің жеңімпаздары атанды. Соңғы он жылда ауданның 25 мектебінде мектеп музейлерінің ұйымдастырылуында да М.Үмбеталиевтің еңбегі зор. Күні бүгінге туризм орталығының 1 педагогі «Спорт шебері» атағына ие болса, 4 шәкірті «Спорт шеберіне үміткер».

Америкалық жазушы, көшбасшылық тура-



лы көптеген кітаптардың авторы Джон Кэлвин Максвеллдің пікірінше «...Көшбасшылардың ең жақсылары өзіне емес, басқаларға қызмет істейді. Осы қасиетті қалай қалыптастыруға болады дейсіздер ме? Қызмет істеуге әркез дайын көшбасшы: өзінің басымдықтарының тізімінде, басқаларды бірінші қою. Қызмет істеуге дайын болудың бірінші және маңызды белгісі – басқаларды өзінен және өзінің тілек-қалауынан жоғары қоя білу. Олардың тілектерін шынымен маңызды деп санап, әркез көмектесуге дайын болу» дегендей Максим Жаншаұлы өз сөзінде «қазіргідей алдыңғы қатарлы балалар туризмі орталығы болу үшін алға мықты мақсат қоя білу, білікті мамандарды даярлау және оларды тұрақтандыру үшін жағдайын жасау, жұмыс жасайтын қажетті құралдарды үнемі толықтырып отыру және әркез көмек беруге дайын болу маңызды, әрі менің өмірлік қағидам» дейді.

М. Үмбеталиев білім саласының білікті басшысы, шебер ұйымдастырушысы ғана емес, ол Ақжайық ауданының қоғамдық-саяси өміріне белсене қатысатын қоғам белсендісі. Ақжайық ауданының қоғамдық Кеңесінің төрағасы және Ақжайық ауданының білім қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының төрағасы қоғамдық қызметтерін абыройлы атқарып келеді. Білім қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының төрағасы ретінде Максим Жаншаұлы қатардағы ұстаздардың еңбек қатынастарындағы заңдық құқықтарын қорғауда дәйекті әрі табанды түрде қызмет атқарып келеді.

Білім саласындағы ұзақ жылғы абыройлы еңбегі үшін Үмбеталиев Максим 2010 жылы «Қазақстан Республикасы туризмінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен, 2011 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 20 жыл мерекелік медалімен, 2015 жылы ҚР БЖҒМ Құрмет грамотасымен, 2017 жылы Қазақстан Республикасы кәсіподақтар Федерациясының «Кәсіподақтарға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, 2017 жылы Батыс Қазақстан облысының Құрмет грамотасымен, 2018 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен, 2019 жылы «Ы. Алтынсарин» медалімен марапатталған.

Б. Момышұлы «Өмірдің қуанышы көп алуында емес, басқаларға көп беруінде, білім мен тәжірибенді халыққа таратуында» дегендей оның еңбек етудегі кәсібилігі жас директорларға үлгі. Еңбектегі қажыр-қайратының арқасында талай абырой биігінен көрініп, ұрпаққа үлгі болар абзал жан ретінде өзін танытып жүрген Максим Жаншаұлының шығармашылықтың шарықтау шегінен көріне беруге, еңбегінің зейнетін көруге тілектеспіз!



Ұстаз – ҰЛЫ ТҰЛҒА

ШӘМШІ

Ғазиза Исамидінқызы
ОЖТС-нің әдіскері,
Түркістан қ. Түркістан обл.

*Даныштан да, дана да оқып сенен,
Атақ-даңқын асырды бар әлемнен.
“Ұстаз” деген аяулы, асыл жанды,
Жақсы көрем, арнаймын жақсы өлең!*

М.Хакімжанова

Ұстаз – рухы таза, ой-өрісі биік, ұлты мен Отанының болашағы үшін тер төгіп, шыдамдылық пен табандылықтың үлгісін көрсетуші. Сондай ұстаздардың бірі – Сәуле Өмірсерікқызы Өмірбаева.

Бүгінде тарихи-рухани елорда, Түркі мемлекеттерінің туристік астанасы - Түркістан қаласында балалар туризмін дамытуға үлкен үлес қосып, балалардың бос уақытын тиімді өткізуді қамтамасыз ететін Түркістан облысы білім басқармасына қарасты «Облыстық жас туристер станциясы» коммуналдық мемлекеттік

мекемесінің директоры. Бар ғұмырын жас ұрпақтың бойына білім мен тәрбие сіңіруге арнаған білікті басшы ретінде өзінің іскерлігімен облыстың қоғамдық өміріне де өлшеусіз үлес қосуда. Қоғамдық қызмет - бұл адамның басқаларға пайдасын тигізетін жұмыс. Сауле Өмірсерікқызы - Түркістан облысы әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиясының белсенді мүшесі. Сонымен бірге, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агентігі Түркістан облысы бойынша департаментінің жаны-



нан құрылған «Түркістан – Адалдық Алаңы» жобалық кеңсесімен тұрақты серіктестікте.

Көптеген республикалық, облыстық пилоттық іс-шаралардың авторы: жаңа форматтағы «Өркениетті өмір» интеллектуалды ток-шоуы, «Жасыл сақшы» балалар мен жасөспірімдер ұйымының слеті, «Тұран скауттар әскери патриоттық қозғалысы» жиыны, «Ұлы Тұран ұрпақтары» өлкетанулық фестивалі, «Қоғам және отбасы» ата-аналар форумы, «Ұлттық ат спортын үйірмешілер арасында насихаттау» көшпелі семинары республикада алғаш рет өткізілді.


Сауле Өмірсерікқызының мол тәжірибесі қосымша білім беру саласы педагогтерінің кәсібилігін шындай түсуге септігін тигізуде. Жас ұстаздарға қамқор бола білген басшы жастардың кәсібилігіне де көңіл бөліп келеді. Республикалық қосымша білім беру орталығының жетекші мамандарымен бірлесе отырып, балалардың бос уақытын ұйымдастырудың әдістемесін жасауда.

Іскерлігі мен табандылығы, кәсібилігінің шынайы жемісі ретінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасы», «ҚР-ның Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалі, Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалдының «Түркістан облысындағы балалар туризмінің дамуына және еңбектегі жоғары жетістіктері мен өңірдің әлеуметтік-экономикалық

дамуына қосқан елеулі үлесі үшін» Құрмет грамотасы, Түркістан облысы Төтенше жағдайлар департаментінің «Алғыс хаты», Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының директоры Р.Шердің «Алғыс хаты», Қазақстан Республикасы Президенті Қ.Тоқаевтың «8 наурыз – Халықаралық Әйелдер күнімен құттықтауы» т.б. марапатталды.

Әйел заты өзінің ажарымен ғана емес, ақылы мен білімі, мінезі мен тәрбиесі, сондай-ақ іскерлігімен де сұлу, айналасына сүйкімді бола алады. Нәзік жандылар табиғатынан жауапты, ісіне тиянақты, ұқыпты, көпке жанашыр болып келетіні белгілі. Жүректерінде нәзіктік пен үкілі сезім үлбірегенімен, қазақтың батыр қыздарына тән қайсарлық, өжеттік, жалынды рух пен жігер бойларына қоса даритыны тағы бар. Осы қасиеттерді бір өзінің болмысына иемденген, отбасында аяулы жар, асыл ана, өнегелі әже, қызметте әділ де білікті басшы – Сәуле Өмірсерікқызы елдің зор сүйіспеншілігіне бөленіп жүр.

Адамдық болмысы, қоғамдық педагогикалық қызметі, азаматтық тұлғасы, адамгершілік қасиеті өзге үлгі боларлықтай, саналы ғұмырын жас ұрпақ тәрбиесіне арнаған ұлағатты ұстаз, білікті басшы Сауле Өмірсерікқызының бойындағы құнды асыл қасиеттер жастарға үлгі болып, ұлттық тұлға тәрбиелер тағлымы мол болсын демекпіз!





Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға арналған туристік-өлкетану бағытындағы «Жас өлкетанушылар» үйірмесінің эксперименттік бағдарламасы



АЛЬМУХАНОВА
Райгул Сағналиевна
ОБЖТжЭО-ның ҚББП-і,
педагог-модератор,
Орал қ., БҚО

*Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының білім беруді дамыту орталығының
сараптама кеңесінде қаралып, облыс педагогтарына таратуға ұсынылды.
Хаттама №4 29.10.2021 жыл*

(Соңы, басы өткен сандарда)

Тақырыптық оқу жоспары Үшінші оқу жылы

№	Мазмұны	Жалпы сағат саны		
		теория	семинары	практика
1	2	3	4	5
	Блок Б1 – Кіріспе –18 сағат	8	2	8
1.	Үйірме жұмысын ұйымдастыру.	2		
2.	Үйірмешілердің психо-педагогикалық және медициналық диагностикасы.	4		
3.	Жорықтар мен экспедиция кезіндегі қауіпсіздік шаралары. Транспорттағы және жолдағы ережелер. Табиғи кедергілер кезіндегі қауіпсіздік шаралары.	2	2	4
4.	Қала ішіне экскурсия.			4
	Блок Б2 – «Өлкетану – өлке туралы ілім» – 76 сағат	24	6	46
1.	Батыс Қазақстан облысының тарихы.	3		6
1.1	Сармат, саврамоттар туралы өлкедегі археологиялық зерттеулер тарихы. Археологиялық ескерткіштер.	3		6
1.2	Батыс Қазақстандағы оғыз мемлекеті. Қыпшақтар.	3		6
1.3	«Батыс Қазақстан облыстық тарих және археология орталығына экскурсия.			4
2.	«Жайық қалашығына» экскурсия			6
3.	Ноғай Ордасының құрылуы.	3	3	3
4.	Кіші жүздің құрылу тарихы.	3	3	3
5.	Отбасы шежіресі.	3		3
6.	Жәдігерлер сыр шертеді (қала музейлеріне экскурсия)			4
7.	Кіші жүздің хандар кестесі.	3		3

8.	Бөкей хандығының тарихы.	3		3
Блок Б3 – «Өлкетанулық зерттеулер» – 62 сағат		12	12	38
1.	Тарихи ескерткіштерді оқып-тану. Қала көшелерінің тарихы.	3		6
2.	«Көне Орал» экскурсиясы.			4
3.	Сырым Датұлы басқарған Кіші жүз қазақтарының көтерілісі. И. Тайманов бастаған ұлт-азаттық көтеріліс.		3	3
4.	Пугачев музейіне экскурсия.			4
5.	Батыс Алаш Орда тарихы. Алаш қайраткері Ж.Досмұхамедұлы		3	3
6.	ҰОС-ғы жылдарындағы Батыс Қазақстан. Батыс Қазақстан-Сталинград майданының жақын тылы.	3	3	6
7.	Батысқазақстандықтар – Кеңес Одағының батырлары.	3	3	6
8.	Қаламыздың Зенит, Ворошилов зауыттарына өндірістік экскурсия			4
9.	Экскурсиялық бағдарлау жарысына қатысу.	3		6
Блок Б4 – «Туризм негіздері – 34 сағат		6	-	28
1.	Жалпы дене дайындығы. Жаяу туризм техникасының негіздері.	3		6
2.	Жіп байлау түрлері және оны командалық жұмыста пайдалану.			3
3.	Жасанды жартаста жұмыс жасау практикалық сабағы. Қауіпсіздік шаралары.	2		4
4.	Шаңғы туризмі техникасының негіздері			6
5.	Демалыс күнгі жорық.			8
Блок Б5 – «Экология» – 24 сағат		6	5	13
1.	Батыс Қазақстан облысының географиялық жағдайы, климаты.	3	3	3
2.	БҚО-ның экологиялық проблемалары.	3		3
3.	Экологиялық мәдениетке тәрбиелеу. Табиғи ортада өзін-өзі ұстау.		2	3
4.	Облыстық экологиялық музейге экскурсия.			4
Блок Б6 – «Бағдарлау және топография» – 30 сағат		10	2	18
1.	Топографиялық шартты белгілер. Топографиялық жаттығу жазу.	2		3
2.	Жергілікті жерде бағдарлау, картасын оқып-тану.	2		3
3.	Масштаб. Топографиялық картада масштабты есептеу.	3		3
4.	Топографиялық карта жасақтау. Маршруттағы бағдарлау.	3	2	4
5.	Топография мен бағдарлау бойынша практикалық сабақтар.			3
5.1	Картамен және компаспен жұмыс.			6
Блок Б7 – «Туған өлке маршруттары» - 44 сағат		9	3	32
1.	Туған өлке маршруттарын құру. Батыс Қазақстанның тарихи-мәдени орындарымен танысу.	3	3	6
2.	Экспедицияға дайындық жұмыстары. Экспедицияға шығу.	3		12
3.	Экспедиция есебін жазу.	3		6
4.	Туристік-өлкетанулық шараларға қатысу.			8
Барлығы		288 сағ		

Блок Б1 – Кіріспе –18 сағат

Туризм – өз өлкесін тану құралы болып табылады. Атақты саяхатшылар мен зерттеушілер және олардың еліміздің дамуындағы үлесі. Оқушылардың жазғы демалыс кезіндегі саяхат, сапарлар, экскурсия кезінде алған ерекше әсерлерімен бөлісу. Екінші оқу жылын қорытындылау. Жаңа оқу жылында бағдарламамен танысып, оқушылардың қызығушылығы мен ұсыныс-тілектерін ескеру.

Үйірме оқушыларын жинақтап, бағдарламаның негізгі мақсаты мен міндетімен таныстыру. Туризмнің даму тарихы мен өлкетану туралы түсінік беру. Өлкетану – белгілі бір өңірдің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын, мәдениетін зерттеумен шұғылданатын ғылым мен мәдениет саласы, шағын аумақтың табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын және мәдениетін зерттейді.

Туған өлкені зерттеуші саяхатшы-туристермен танысу. Қазіргі таңдағы туризмнің даму қарқыны. Қоршаған ортаны тани отырып адам ағзасын сауықтыруға, қоршаған әлем мен өзін-өзі тануға, өмірге және еңбекке баулиды. Әрдайым туризмге, жорықтарға қатысу оқушылардың патриоттық сезімін оятып, өз өлкесінің тарихымен танысып, ортада беделді болуға бейімдейді.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының негізгі идеясымен таныстыру. Мақаладағы басты рухани құндылықтардың мазмұнын және тәрбиелік мәнін баяндау.

Жалпы қауіпсіздік шараларымен таныстыра отырып, оқушылардың қызығушылығына қарай міндеттерін бөлу. Туристік міндеттер. Туристік серуен, жорықтар кезіндегі қоғамдық тапсырмалар, өлкетанулық-танымдық және зерттеу жұмыстары. Жарыстарға, экскурсияларға әзірлік жұмыстары.

Туристік шаралар және өлкетанулық шараларға қатысу. Оқу сыныбында және спорт залдағы, далалық аймақтағы және оқу-жаттығу кезіндегі қауіпсіздік ережелері. Туристік құрал – саймандармен жұмыс кезіндегі, маршруттағы, көліктегі, алау басында және отын дайындау кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Туристік құрал – саймандармен жұмыс кезіндегі, жеке және командалық сақтандыру орындау кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.

Автомобиль жолдарымен қозғалудағы, қоғамдық көліктегі қауіпсіздік және жалпы қауіпсіздік ережелері.

Оқушылардың медициналық картасымен, әлеуметтік жағдайымен танысу. Жалпы физикалық-физиологиялық дамуындағы ерекшеліктерді ескеріп, психологиялық мінез-құлықтарын бақылау.

Блок Б2 –**«Тарихы терең туған өлкем» – 68 сағат**

Оқушыны патриоттыққа, елін, жерін, Отанын сүйге тәрбиелеуде өлке тарихын дұрыстап оқытудың маңызы өте зор.

Батыс Қазақстан өңірі – қазақ елінің бір бөлігі. Олай болса оның тарихының бір құрамы екендігіне шек келтіруге болмайды. Ал, сол тарихқа сүбелі үлес қосатын да жалпы қазақтың бір құрамы Кіші жүз, соның ішінде Батыс Қазақстан аймағының жұрты болмақ. БҚО-ның ежелгі тарихы, Ноғай ордасы, Қазақ хандығы, БҚО Ресей империясы құрамында, Бөкей хандығы, БҚО кеңес өкіметін орнату және азамат соғысы, БҚО-ның Ұлы Отан соғысы жылдарында тақырыптарында тарихи мәліметтермен қысқаша оқушыларға мәлімет беру.

Батыс Қазақстан облысының территориясы ерте ортағасыр дәуірінен, яғни 1-ші мыңжылдықтың ортасынан бастап қазіргі түркі халықтарының ата-бабалары алаңдар мен оғыздардың, печенегтер мен қыпшақтардың мекені болған. Сармат, саврамоттар туралы өлкедегі археологиялық зерттеулер тарихына тоқталып өтеміз.

Батыс Қазақстандағы оғыз мемлекеті. Қыпшақтар.

Оғыз атауының пайда болуы туралы әртүлі пікірлер, ғылыми болжаулар бар. Оғыз этникалық құрамының қалыптасуы күрделі де ұзақ үрдіс болды. Оғыз тобының алғашқы ұйытқысы Жетісуде қалыптасты, ал олардың батысқа қарай жылжуының нәтижесінде оңтүстік және Батыс Қазақстандағы көшпелі және жартылай отырықшы халық есебінен едәуір толықты.

Батыс Қазақстан территориясында қыпшақтармен бірге оғыз және печенег тайпаларының қалған топтары Маңғыстауда түркімендердің жекелеген топтары мекендеген жалпы, Дешті қыпшақта, шыңына келгенде, қыпшақтардың этикалық жер аумағы сақталып қалған. Қыпшақ мемлекеті маңғол шапқыншылығы кезінде құлады, бірақ біржола күйреген жоқ. Кейінірек, XV ғасырда, қазақ халқы мен мемлекетінің қалыптасу кезеңінде қайта шықты.

Тарихымызды терең таныстыру мақсатында

Батыс Қазақстан облыстық тарих және археология орталығына экскурсия жасау. «Жайық қалашығына экскурсия».

Ортағасырлық Жайық қалашығы – Орал қаласының тарихи бастаушысы. Кезінде қала Жібек жолы даласындағы маңызды әкімшілік, әскери және сауда орталығы болған, мұны ғалымдар құжатпен дәлелдеген. Археологтардың пікірінше, қаланың гүлденуі XIII-XV ғасырларда болған. Ол Батыс Қазақстан облысының облыс орталығынан шамамен 12 шақырым жерде орналасқан.

Ноғай Ордасының құрылуы

Ноғай ордасының құрылуы 1396-1411 жылдары Алтын Орданы билеген Едігенің есімімен тығыз байланысты. Едіге опат болғаннан кейін Алтын Орда қайта қалпына келмесе кетіп, оның құрамына кірген халықтар өздерінің ұлттық сипатына байланысты бөлшектенген. Ноғай ордасы алғашқы екі хандықтарға қарағанда кейінірек, яғни XVI ғасырдың 40 жылдарында құрылды.

Кіші жүздің хандар тізімімен таныстыру. Бөкей хандығының тарихы. Батыс Қазақстан жеріндегі шаруашылықтың құлдырауы, жердің таршылығы 1801 ж. Бөкей хандығы немесе географиялық орналасуы бойынша ішкі орданың (Жайық пен Еділдің төменгі жағында орналасқан) құрылуына алып келді. Қазақ даласындағы, оның тарихындағы соңғы хандардың бірі Нұралының немересі Бөкейдің баласы Жәңгір болды. Жәңгір 22 жыл бойы ел басқарды. Ел басқарған кезде қоғамда елеулі қайта құрулар болды. Жәңгір ханның елеулі еңбегімен таныстырып өту.

Блок Б3 –

«Өлкетанулық зерттеулер» – 38 сағат

Оқушыларды өлкеміздің мәдени-тарихи ескерткіштерімен таныстыру. Әр оқушы өз көшесінің тарихын жоба ретінде ұсыну. Қала көшелерінің тарихы. «Көне Орал» қала ішіне кешкі экскурсия ұйымдастыру.

БҚО тарихи-мәдени мұраларын қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекциясының жұмысымен танысу, материалдар жинақтау.

Сырым Датұлы басқарған Кіші жүз қазақтарының көтерілісі. И. Тайманов бастаған ұлт-азаттық көтеріліс. Пугачев көтерілісі басып тасталғаннан 7 жылдан соң 1783 жылы Кіші жүзде халық көтерілісі болды. Көтерілісті 1773-1775 жылдардағы шаруарлар соғысына белсене қатысқан Байбақты руының атаманы, атақты батыр, белгілі би Сырым Датұлы ер жүрек адам болған. Сырым Датұлы батырлығымен

де, шешендігімен де халқымыздың тарихынан мәңгілік орын алады. Қазақ халқының ұлт азаттық күресінде Исатай Тайманұлы басшылығымен болған көтеріліс маңызды орын алады.

Пугачев музейіне экскурсия.

Батыс Алаш Орда тарихы. «Алаш қайраткері - Ж. Досмұхамедұлы» (Дөңгелек үстел өткізу).

ҰОС-ғы жылдарындағы Батыс Қазақстан. Батыс Қазақстан – Сталинград майданының жақын тылы.

Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі совет халқының қаһармандық ерлігі туралы тарихи мәліметтермен таныстыру. Оқушылардың отбасындағы жауынгер аталары туралы деректер жинақтау.

Облыстық, қалалық кітапханаларда байланыста болып, мұрағаттармен жұмыс жасауды үйрету. Іздестіру-зерттеу жұмыстарының жобасының презентациясын дайындау.

«Ардагерлерге көмек» акциясын өткізу.

Қаламыздың Зенит, Ворошилов зауыттарына өндірістік экскурсия ұйымдастыру.

Блок Б4 – «Туризм негіздері» – 34 сағат

Жалпы денені шынықтыруға баулу, күн режимін сақтау. Жаяу туризм техникасымен таныстыру. Арнайы туристік құралдармен жұмыс жасау. Туристің техникалық және тактикалық дайындығы. Сақтандыру құралдары. Өзін-өзі сақтандыру арқылы түрлі кедергілерден өту. Аспалы өткел, паралельді өткелдер, траверс т.б кедергілерден өту. Практикалық сабақтар.

Негізгі туристік түйіндер: булинь, брамшкоттық, түзу, академиялық, қазықбау, ұстасу, сегіздік т.б. жіптердің байлануы мен қолданылуы.

Жасанды жартаста жұмыс жасау. Жумармен міну, дюльфермен, гри-гримен түсу. Туристің жалпы физикалық дайындығына тоқталып өту. (Практикалық сабақ).

Шаңғы туризмі техникасының негіздері.

Жалпы ережелер. Шаңғы спортымен айналысатын оқушылардың киіміне, шаңғы инвентарына қойылатын талаптар. Шаңғышының тұруы. «Басу», «Сырғанау» әдістерімен қозғалу, бір орында бұрылу, аласа және негізгі тік беткейден түсу, «басу» қадамымен көтерілу, қозғалыс кезінде бұрылу. Қарапайым кедергілерден өту (бөрене, жыра).

Практикалық сабақтар. Демалыс күнгі жорықты ұйымдастыру.

Блок Б5 – «Экология» – 24 сағат

Ғаламдық экологиялық проблемаларға

климаттың өзгеруі, озон қабатының бұзылуы, биоәртүрліліктің азаюы, шөлейттену және жердің құлдырауы жатады. Ұлттық экологиялық проблемалар экологиялық апатты аймақтар, Каспий теңізі қайраңы ресурстарын белсенді игерумен байланысты проблемалар, тарихи ластану, трансшекаралық мәселелер, әскери ғарыштық және тәжірибелік кешендер полигондарының әсерін жатқызуға болады.

Жергілікті экологиялық проблемаларға ауа бассейнінің ластануын, радиоактивті, тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтары, табиғи және техногендік төтенше жағдайларды жатқызуға болады. Каспий теңізі және Жайық өзенінің экологиялық проблемаларына тоқталу.

Табиғи аймақтың паспортын толтыру (қосымша №5). Практикалық сабақ.

Оқушылардың экологиялық көзқарасын, санасын және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану барысында табиғатты қорғай алатын, аялай білетін, адамгершілігі мол, ізгілікті, экологиялық сауатты және мәдениетті ұрпақ тәрбиелеу. Экологиялық акцияларға қатысу. «Табиғат және экология» музейіне экскурсия.

Блок Б6 –

«Бағдарлау және топография» – 30 сағат

Топографиялық шартты белгілер: тұрғын пункттар, гидрография, жол желісі және оның құрылыстары, өсімдік жамылғысы, жергілікті заттар. Практикалық сабақ. Шартты белгілерді жаттап алуға жаттығулар жасау. Жер бедерін жергілікті жердің моделі бойынша зерттеу.

Мектеп алаңы, ауданы және жақын жердегі нүктелер. Мектеп, кабинеттер, мектеп ауласы, мектепке жақын көшелердің аттары, мекемелер, тарихи орындар т.б. шағын ауданның жоспарсызбасын шартты белгілермен белгілеу. Мектеп ауданында экскурсия жасау, түрлі құрлыстарды картаға түсіріп отыру.

Жергілікті жерді бағдарлау. Бағдарлау және туристік карталармен жұмыс. Тұсбағдар құрлымы және оның жұмысы. Тұсбағдардың түрлері. Тұсбағдармен картаны бағыттау. Азимутты анықтау.

Масштаб түсінігі. Масштаб түрлері: сандық, атаулық, сызықтық. Масштаб дәлдігін анықтау. Топографиялық карталардағы масштабтың мазмұны және шартты белгілері.

Бағдарлау түрлері. Жергілікті жер жөнінде толық ақпарат бермейтін топографиялық картаның көмегімен жорықта бағдарлау. Өзінің

тұрған жерін анықтау. Маршрут учаскелерінің сызбасын пайдалану арқылы жорықта қозғалу. Практикалық сабақтар.

Блок Б7 –

«Туған өлке маршруттары» - 44 сағат

БҚО-сы бойынша тарихи-өлкетанулық маршруттар құрастыру және картасын сызу. Облыс аймағындағы тарихи ескерткіштерімен танысу. Белгіленген маршрут бойынша 3 күндік экспедиция ұйымдастыру. Тақырып бойынша іздестіру-зерттеу жұмыстарын жүргізу. Жоба дайындау.

Жарыстарға және байқауларға қатысу. Жыл бойы жасалған жұмысты қорытындылап, бейне-ролик жасақтау.

Үшінші оқу жылын аяқтаған соң оқушы білу қажет:

- өлке тарихымен толық танысу;
- өлкеміздің көрікті жерлерімен және тарихи-мәдени орындарымен танысу;
- туристік техника негіздері;
- жасанды жартаста жұмыс жасай білу;
- жергілікті жерді бағдарлау;
- өлкеміздің экологиялық проблемаларымен танысу және экологиялық мәдениеттілікке баулу;
- іздестіру-зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- жобамен жұмыс және қорғау;
- экспедицияға шығу.

Негізгі модуль

Өлкетану дегеніміз-жергілікті халықтың туған өлкесі болып табылатын елдің, облыстың, ауданның, қаланың, ауылдың белгілі бір бөлігін зерттеу.

Өлкетану мен туризм бір-бірімен байланысты. Нақты және әртүрлі өлкетанулық ақпаратсыз туристік маршруттар мен экскурсияларды ұйымдастыру мүмкін емес. Сондықтан да туристік-өлкетанулық жұмыстардың негізін және өлкетанулық зерттеулерді жүргізу әдістерін білу, туризм саласында кәсіби мамандарды даярлаудың ажырамас бөлігі болып табылады.

Шағын аймақтың тарихын, этнографиясын, мәдениетін, археологиясын, табиғатын, халқын, шаруашылығын кешенді зерттеу және т.б. ауқымды сұрақтарды қамтиды. Туған өлкені жан-жақты зерттеуге мыналар кіреді:

- Табиғаты және оның барлық элементтері (геология, жер бедері, жер қойнауы, топырағы, су қоймалары, өсімдік, жануарлар) мен оның байланысы;

- Тарихы мен демографиясы (қала мен ауыл

этнографиясы, топонимика және т.б.);

- Экономикалық өмірі, қоршаған орта мен шаруашылық арасындағы байланысты, шаруашылықтың жеке салалары арасындағы байланысы;

Халықтың мәдени және рухани өмірі, шығармашылығы (халықтың кәсібі, өнері, фольклоры, сәулеті).

Өлкетанудың түрлері мен формалары

Өлкетанудың құрылымы мен зерттеу әдістері әртүрлі, бірақ туған өлкені ғылыми және жан-жақты зерттейтін ғылыми пәндердің кешенін біріктіреді. Сондықтан да жалпы зерттеу объектісіне байланысты өлкетанудың мына түрлері ажыратылады.

Салалық өлкетану - табиғи-географиялық-табиғи компоненттер мен табиғи-аумақтық кешендерді;

Экономикалық-географиялық- өндірістік-аумақтық кешендер мен шаруашылықты;

Биологиялық- өлкенің биоценозын, флорасын, фаунасын және т.б.;

Тарихи-жазбаша және заттық ескерткіштерді, археологиялық жәдігерлерді, әдеби және мұрағаттық деректерді, сәулетшілік пен сәулет ескерткіштерін;

Этнографиялық - нақты бір мөлтек аудан тұрғындарының өмірін, іс-әрекеті мен тұрмыс-тіршілігін, яғни киім-кешегін, тұрмыстық заттарын, өндіріс құралдарын, ауылды кешенді;

Фольклорлық - сәулетшілік өнердің сәндік әшекейлерін, халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрін зерттеу;

Кешенді өлкетану - табиғи және әлеуметтік құбылыстардың барлық себеп-салдарлық байланысын зерттейді. Табиғи үлгілерді, материалдық мәдениеттің заттарын, мәліметтерді жинау мен жүйелеу негізгі әдіс болып табылады. Кешенді өлкетану бірнеше ғылыми әдістерге сүйеніп, географиямен тығыз байланыста болады.

Әдістемелік нұсқау

Теориялық сабақтар әңгімелесу және лекция түрінде өтеді. Негізгі практикалық сабақтар жергілікті жерде өтеді. Сабақтарды оқушыларға ойын түрінде өткізіп, өз бетімен жұмыстануға баулу.

Үйірмеге қатысу арқылы ерекше балалардың әлеуметтік ортаға бейімделуіне, өлкетанулық білім ой-өрісін дамытуына септігін тигізеді.

Жорық алдында қауіпсіздік ережелерімен,

жорықта өзін-өзі ұстау ережелерімен таныстыру. Жорықта туристік техника негіздерімен қатар, жергілікті жерде бағдарлау, өлкетанулық викториналар, квест-ойындар, байқаулар өткізу, экологиялық сауаттылыққа тәрбиелеу.

Жұмысты ұйымдастыру түрлері:

- дәріс, әңгіме;

- экскурсия, саяхат;

- дөңгелек үстел;

- квест ойындары, викториналар;

- конференциялар, байқаулар;

- музейлерге экскурсия;

- жобалық және зерттеушілік жұмыстар жүргізу;

- бейне-презентация жасау;

- тарихи оқиғаларға байланысты очерктер, шежірелер жинақтау;

- интернет, IT технологияны пайдалану.

Ресурстық қамтамасыз ету

1. Жеке және топтық жұмысқа арналған орын;

2. Компьютер;

3. Мультимедиялық тақта;

4. Материалды-техникалық құралдар;

5. Фотоаппарат;

6. Бейнекамера;

7. Диктофон;

8. Туристік құрал жабдықтар;

9. Тұсбағдар

Бағдарлама үйірмешілердің білімін біртіндеп күрделендіруге бағытталған. Жаңа технологияларды пайдалана отырып, теория мен практикада ұштастыру.

Оқушылардың практикада алған білімі мен біліктіліктері өзіндік жұмыстары нәтижесінде шыңдалады.

Күтілетін нәтиже

Дені сау бала орта мектепті аяқтаған да болашақ мамандық иесі, жұмысын таңдап өз қалауымен өмір сүреді. Ал мүмкіндігі шектеулі көп балалар жұмыс істеуге, өзінің бос уақытын тиімді өткізуге қолы жетпейді.

Сондықтан туризм бір сарынды өмірлерін танымды және қызықты өткізуге, туристік белсенділікке үйретеді. Үйірмеге қатысқан оқушылар бұрынғыға қарағанда өзіне сенімді, өзбетімен жұмыстануға өмірге деген жарқын қозқарасы қалыптасады.

Үйірме оқушыларын өз өлкесінің тарихымен таныстыра отырып, туристік техникалық

шеберлігін шыңдау, экологиялық сауатты, элеуметтік ортаға бейімделген, тұлға ретінде қалыптасуына ықпал жасау.

Оқушылар білуі тиіс: жергілікті жердің топономикасын, жер-су аттарын, табиғи ерекшелігін тану, туристік құрал-жабдықтардың қолдануын, қауіпсіздік ережесін, табиғи ортада өзін-өзі ұстауы, алғашқы көмек көрсете білу, өлке тарихымен толық танысу, өлке туралы іздестіру-зерттеу жұмысын жүргізу.

1) белсенді азаматтық ұстанымымен жоғары патриоттық сезімін көрсете білуінен, өз Отанына қызмет етуге және оның мүддесін қорғауға дайын болуына;

2) туған өлкесінің табиғатын сақтауға және көркейтуге, қолынан келерлік еңбегімен экологиясын жақсартуға ұмтылуына;

3) өлкенің көрнекті өкілдерінің рухына, халықтардың тарихына, мәдениетіне және салт-дәстүріне құрметпен қарауға;

Жүйелі-әрекеттік нәтижелер:

1) іздестіру-зерттеу жұмыстары кезінде алынған ақпаратты саралау, өңдеу, жинақтау, қолдану шеберлігі;

2) іс-әрекетті және зерттеуді жоспарлау, танып білу әдістерін меңгеру;

3) қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды, білім беру ресурстарын, мұрағат деректерін қолдана білу, алынған ақпаратқа презентация және жоба жасау.

Бағдарламаны игеру қорытындысы бойынша балалардың салауатты өмір салтына оң көзқарасын қалыптастыру және олардың өз өлкесіне деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту. Сондай-ақ олардың физикалық және рухани жай-күйінің жақсаруы, танымдық белсенділігінің өсуі, туристік және өлкетану дағдыларын меңгеру, оқушылардың коммуникативтілігінің жоғары деңгейі және байқаулардағы жетістіктерінің нәтижесі.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған «Жас өлкетанушылар» үйірмесінің туристік-өлкетанулық бағытындағы эксперименталды бағдарламасы қосымша білім беру ұйымдарындағы педагогтардың жұмысын жетілдіруге арналған.

қосымша №1

Оқушыларға арналған өлкетанулық зерттеулер үлгісі

Топономикалық зерттеулер жүргізу

Жұмыс екі бағыт бойынша жүргізіледі:

1. Жергілікті тұрғындармен сұхбаттасу, сауал-

нама жүргізу

2. Нысанды зерттеу, суретке түсіру, сипаттау, бейне түсірілім жасау.

Сауалнама жүргізудің әдістемесі:

Ең әуелі қоятын сұрақтарды анықтау және дайындап қою. Бірнеше дана дайындап, жауап жазатын орын қалдыру керек. Материал жинақтау мақсатында жергілікті жердің қарияларымен, орманшыларымен, көне тұрғындарымен кездесуге болады. Олар жергілікті жерді жақсы біледі. Жазылым кезінде мұқият тыңдап, сөздерді қатесіз жазу керек. Географиялық терминдерді арнайы үлкен масштабты картаға түсіріп алған жөн. Диктофон пайдалануға болады. Бірақ ол үшін рұқсат сұрап аласыз. Өте тиімді, кездесуден соң нақты тыңдап теріп жазасыз. Сауалнамаға толық аты жөнін, туған жерін, тұрғылықты орнында қашаннан бері тұратыны туралы сұрақтар жазылады.

Зерттеу мақсатына байланысты сұрақтар да әр түрлі болады.

Тұрғылықты мекенге байланысты:

- тұрғылықты жердің типі (село, ауыл, жайлау, поселок т.б);

- тұрғылықты жердің пайда болу тарихы;

- қазіргі атауымен сәйкес келе ме;

- атауының шығу тарихы (тарих, аңыз, қариялардың әңгімесі);

- жақын жерде жойылып кеткен тұрғын мекендер болды ма?

- жергілікті жерде географиялық атаулар кездесетін әндер, мақалдар, аңыздар бар ма?

Болса, түсіндіріп беруін сұраңыз.

Сонымен қатар сұхбат барысында халық саны, тарихи объектілер, түрлі тарихи маңызы бар оқиғалар туралы сұрауға болады.

Су нысандарының атауы туралы:

- жергілікті тұрғындар су нысанын қалай атайды? (тарихи мәліметтер, қариялардың айтуы бойынша, аңыз бойынша)

- жергілікті тұрғындармен басқа ұлттардың атауы, олардың айтылуындағы ерекшеліктер?

- су объектісі қайдан бастау алады, қайда құяды?

- қай жақтан құяды?

- қазіргі атауымен бірдей ме?

ерекше жерлер барма (жартас, сарқырама, жасанды қоршаулар), қалай аталады ?

- жергілікті жерде географиялық атаулар кездесетін ән, мақал, аңыз бар ма?

Болса, түсіндіріп беруін сұраңыз?

- бұлақ, бұлақ көздері, құдықтар кездесе ме?

- егіс жерлермен, жайылымдар қай жерде

болған?

- ауыл кеңесі, дүкен қай жерде болған?
 - қай жолмен мектепке, станцияға барған?
- Сұхбат берген адамға сыйластықпен қараңыз, кейбір сұрақтарға жауап бермесе де алғыс білдіреміз.

Қосымша 2

Халыққа сауалнама жүргізу әдісі

(ҰОС ардагерлеріне, тыл ардагерлеріне, ауыл тұрғындарына арналған)

1. АЖТ
2. Туған жері
3. Тұрғылықты орны
4. 1941-1945 жылдары болған жерлері
5. 1941 жылғы жанұя құрамы
6. Жанұяда соғыс туралы әңгеме қозғалды ма?
7. Қандай естеліктерді білесіз? Әңгімелеп бересіз бе?
8. Соғыс кезінде әскерге қандай көмек көрсетілді?
9. Соғыс кезінде ауылдағы жағдай қандай болды?
10. Азық-түлік табу қиындықтары болды ма?

қосымша №3

Тарихи нысанды сипаттау әдісі

1. Нысанның толық атауы, тарихы;
2. Мерзімі,
3. Орналасқан жері;
4. Қазіргі жағдайы;
5. Құрылу тарихы;
6. Архитектурасы және басқа ерекшеліктері;
7. Осы тарихи нысанмен байланысты тарихи оқиға;
8. Нысанның ерекшелігі тарихи-мәдени құндылығы, қала немесе аймақтағы рөлі;
9. Практикалық ұсыныстар (өңдеу, мемлекеттік қорғауға алу);
10. Ақпарат алынған оқулықтар;
11. Иллюстрациялық материал.

қосымша 4

Музей экспозицияларын сипаттау әдістері

1. Музейдің аты;
2. Музей профилі;
3. Пошталық адресі;
4. Телефон, жұмыс уақыты;
5. Экспозициясының атауы;
6. Экспозиция өлшемі, жоспары, көрме;
7. Экспозиция мазмұны;

8. Құжаттары;

